



«БЕКІТЕМІН»

«Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті» КеАҚ
Зерттеу қызметі және инновация
жөніндегі проректор

Е. Сұлтан

2024 ж.



**Диссертациялық кеңестің бейнеконференция
нысанындағы online (онлайн) отырысын
өткізуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулар**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес бейнеконференция нысанында диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысын өткізудің бірыңғай рәсімін бекіту мақсатында әзірленді.

**2. Диссертацияны қорғауды бейнеконференция нысанында
ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

1. Диссертациялық кеңес докторантты, диссертациялық кеңестің мүшелерін, ресми рецензенттерді диссертациялық кеңестің отырысын өткізу туралы бейнеконференция нысанында диссертацияны қорғаудан кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын электрондық пошта және кеңес сайтында хабарландыру арқылы хабардар етеді.

2. Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне - және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне - және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

3. Диссертацияны қорғауды бейнеконференция түрінде ұйымдастыру

1. Диссертацияны бейнеконференция түрінде қорғау қол жетімді онлайн платформалардың бірінде (*Zoom*) жүзеге асырылады.

2. Диссертацияны бейнеконференция түрінде қорғауды ұйымдастыру үшін диссертациялық кеңестің барлық мүшелері, ғылыми кеңесшілер, ресми рецензенттер, докторант қорғауға дейін өз компьютерлерінде веб-камераны, динамикті/құлаққапты, микрофоны бар компьютер мен тиісті бағдарламаны (мысалы, *Zoom*) орнатуы керек (<https://zoom.us/>). Ұялы телефонды пайдалану құпталмайды.

3. Бейнеконференцияға қосылған кезде докторант, диссертациялық кеңестің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, рецензенттер және отырыстың басқа да қатысушылары сәйкестендіру үшін бейнекамераның міндетті қосылуымен (тегі, аты, әкесінің аты) көрсетеді.

4. Отырыс басталғанға дейін ғалым хатшы докторант пен диссертациялық кеңес мүшелерінің жеке басын сәйкестендіреді. Қорғау кезінде тиісті техникалық құралдардан өзге құрылғылар болмауы қажет. Докторант онлайн режимінде қорғау кезінде орналасқан бөлмені көрсетеді. Диссертациялық кеңес отырысына қатысы жоқ бөгде заттарды бөлмеден шығарады.

5. Қорғау алдында диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, докторанттың баяндамасының, пікірлердің (кеңесшілердің), қорытынды жобасының және басқа да қажетті құжаттардың электрондық нұсқаларының онлайн режимде тікелей эфирде трансляциялануын тексереді.

6. Қорғаудың бейнежазбасын бағдарламаның тиісті функционалын пайдалана отырып, ғалым хатшы және докторант жүзеге асырады. Бір уақытта бірнеше компьютерге жазу ұсынылады. Бағдарлама арқылы бейнежазбаның бұзылуын болдырмау үшін компьютерге экранды түсіру бағдарламасын (қашықтан қорғау бейнежазбасы) орнату ұсынылады, мысалы, *iSpring Free Cam* (<https://www.ispring.ru/ispring-free-cam>). Ғалым хатшы қорғау кезеңінде қорғаудың бейнежазбасын жүзеге асыру үшін экранды түсіру бағдарламасын іске қосады.

7. Біреу сөйлеген кезде қалған мүшелер кедергілерді азайту үшін микрофонды өшіреді.

8. Сұрақ қойғысы келетін адам қолын көтереді немесе тиісті функцияны қолданады (мысалы, *Zoom*-да "қолды көтеру").



4. Диссертацияны қорғаудың тәртібі бейнеконференция форматында

1. Диссертациялық кеңестің отырысында төрағаның сөзі (кворум, отырысты өткізу құзыреті, докторанттың мамандығы, диссертация тақырыбы, ғылыми кеңесшілері мен ресми рецензенттер туралы баяндамасы).
2. Докторанттың жеке іс – құжаттар тізімдемесі мен диссертациялық кеңеске ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкестігін жариялау үшін ғалым хатшының сөз сөйлеуі.
3. Докторанттың баяндамасы (диссертацияның негізгі мазмұнын баяндайды және негізгі ережелерін ұсынады), өзінің презентациясын бағдарламада көрсетеді.
4. Отырысқа қатысушылардың сұрақтары - докторанттың жауаптары.
5. Шетелдік кеңесші қатыспаған жағдайда, пікірін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы оқиды (электрондық нұсқасын экранда көрсетеді).
6. Ресми рецензенттердің сөздері. Ресми рецензенттердің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.
7. Докторанттың ресми рецензенттердің ескертулеріне жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылары.
8. Бейресми пікірлер (егер бар болса, ғалым хатшы электронды нұсқасын экранында трансляциямен оқиды).
9. Диссертациялық кеңес отырысына қатысушылардың талқылауы.
10. Төрағаның жасырын дауыс берудің басталғаны туралы хабарлауы.
11. Ғалым хатшының *Google Forms*-қа *Gmail* электрондық мекен-жайларына диссертациялық кеңестің дауыс беру құқығы бар мүшелеріне және ресми рецензенттерге сілтеме жіберуі.
12. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы *Gmail*-дегі электрондық мекенжайларына жіберген сілтеме бойынша *Google Forms*-те дауыс беру арқылы Диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің дауыс беруі.
13. Ғалым хатшының экранда нәтижелерді міндетті түрде көрсете отырып, жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөйлеген сөзі.

5. Жасырын дауыс беруді ұйымдастыру

1. Диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция нысанында өткізген кезде диссертация бойынша шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беру *Google Forms* пайдалану арқылы жүзеге асырылады.



2. Диссертациялық кеңестің мүшелері дауыс беруге қатысуға құқығы бар Ережеге сәйкес және ресми рецензенттер жасырын дауыс беруді жүзеге асыру үшін *Gmail* электрондық пошта сервисінде алдын ала тіркелуі қажет.

3. Дауыс беруге құқығы бар Диссертациялық кеңестің мүшелері және ресми рецензенттер қорғау басталғанға дейін өз компьютерінде *Gmail* akkaунтындағы браузерлердің бірінде (*Chrome, Opera*) авторизациялануы және бейнеконференция кезеңінде браузерді жаппауы қажет.

4. Қорғау басталғанға дейін дауыс беруге қатысушылар диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына *Gmail* электрондық пошта мекенжайларын ұсынуы керек.

5. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы өтініш берушілердің әрқайсысын қорғауға дейін *Google Forms* жасайды.

6. Отырыс төрағасы жасырын дауыс берудің басталғаны туралы хабарлағаннан кейін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы дауыс беруге құқығы бар Диссертациялық Кеңестің мүшелерін және ресми рецензенттерді *Gmail* электрондық мекенжайларына *Google Forms* сілтемесін жібереді.

7. Жасырын дауыс беру аяқталғаннан кейін ғалым хатшы экранда дауыс беру нәтижелерін көрсетеді және нәтижелерін жариялайды.

әзірленді:

ҒЗЖ және ғылыми кадрларды даярлау
басқармасының бастығы
Г.Баймбетова